

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық,
Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және
С.М. Жақыповтың 70 жылдық мерейтойына арналған
«Жаһандану әлеміндегі адамның денсаулық психологиясы»
тақырыбындағы халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

2020 жылдың 15 мамыры

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
«Психология здоровья человека
в глобализирующемся мире»
к1150 - летию Абу Насыра аль-Фараби,
175-летию Абая Кунанбайулы и 70 - летию С.М. Джакупова
15 мая 2020 года

PROCEEDINGS

International scientific conference about
«Psychology of human health in a globalizing world»
dedicated to 1150th anniversary of Abu Nasyr al-Farabi,
175th anniversary of Abay Kunanbayuly and
70th anniversary of S.M. Dzhakupova

15 May 2020



Нұр-Сұлтан, 2020

УДК 159.9 (063)
ББК 88,3
П 86

Редакционная коллегия

Қашхынбай Б.Б.-декан факультета социальных наук, (ответственный редактор)

Сламбекова Т.С. - профессор, заведующий кафедрой Социальной педагогики и самопознания

Айкинбаева Г.К. -кандидат педагогических наук, доцент

Мамбеталина А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Нурадинов А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Рыскулова М.М. -кандидат педагогических наук, доцент

Исаханова А.А. – PhD психологии

Организационный комитет

Ақымбек Г.Ш. -магистр психологии

Бурдесбекова У.И. -магистр педагогики

Құнанбаева А.Ж. -магистр психологии

Лекенова А.-магистр социальной педагогики и самопознания

Психология здоровья человека в глобализирующемся мире: Сб. науч. статей Межд. конф. города Нур – Султана. 15 мая 2020 г. /Под ред. Б.Б. Қашхынбай, Т.С. Сламбековой, Г.К. Айкинбаевой. – Нур –Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. – 498 с.

ISBN 978-601-337-343-0

В настоящий сборник вошли материалы II Международной научно-практической конференции «Психология здоровья человека в глобализирующемся мире» к 1150 – летию Абу Насыра аль-Фараби, 175- летию Абая Кунанбайулы и 70- летию С.М. Джакупова. (город Нур Султан 2020 г.)

Материалы предназначены для молодых ученых, соискателей, студентов, магистрантов, докторантов, интересующимися проблемами психологии.

ISBN 978-601-337-343-0

©ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020

©Кафедра социальной педагогики и самопознание

ЕНУ им Л.Н. Гумилева

Оқытудың бірінші кезеңінде мұғалімдерді оқытуда дифференциацияны қолдану әлсіз жағы деп білеміз. Жаттықтырушы курсқа келген мұғалімдерді тең қабылдайды: білімі бойынша барлық дипломдалған мамандар, сабақ берудің белгілі бір тәжірибесі бар. Бірақ оқу үдерісінде олардың даму деңгейі, танымдық қызығушылықтары, әдістемелік білім деңгейі, шығармашылық қабілеттері, мотивациясы, жасы, жеке сипаттамалары бойынша әр түрлі екендігі анықталады. Осы кедергіні еңсеруде Д. Колдтың әдістемесі және оның негізінде әзірленген П. Хони мен А. Мамфорд, оқытудың төрт стилі: белсенді, ойшыл, теоретик және прагматик көмектеседі деген қорытындыға келді. Бұл бағыттағы жұмыс басталып, болашақта жалғасын табады деген ойдамыз.

Бағалаудың күшті жағы критериалды бағалау бойынша жақсы теориялық және практикалық білімнің болуы. Облыс мектептерінде осы бағалау жүйесін эксперименттік зерттеудің жалпылама тәжірибесі бар. Сонымен қатар, курстарда оқыту барысында мұғалімдердің дамуына мониторингтік зерттеулер жүргізіле бастады. Сабақта әр тыңдаушының даму динамикасын анықтау үшін карта-кестелерді, графиктерді кеңінен қолданамыз. Оқыту үдерісі формативті бағалаумен сүйемелденеді. Оны жүзеге асыруда "қара жәшіктің" жұмыс істеу принципін қолданамыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Вербицкий А.А., Агапов О.И. Содержание непрерывного образования: проблемы и перспективы./ М.: АПН СССР, 1987.
2. www.aktobe-orleu.kz
3. Бабанский Ю.К. Процесс обучения как методологические и теоретические основы / Педагогика. Под ред. Ю.К.Бабанского.- М.: Просвещение, 1989.- С.339-366.
4. Карелин А. Большая энциклопедия психологических тестов/Москва Эксмо., 2007г.

ӘОЖ 159.972

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ РЕТІНДЕ

Байжұманова Бибианар Шайменденовна

bibianar.bayzhumanova.70@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан.

Ғылыми әдебиеттерде психологиялық ахуал мағынасын бере алатын бірнеше әртүрлі терминдер қолданылады: «эмоционалды-психологиялық ахуал», «психологиялық климат», «психологиялық үйлесімділік/үйлесімсіз», «адмгершілік–психологиялық ахуал», «психологиялық икемделілік», «әлеуметтік–психологиялық жағдай» және т.б.

Психология ғылымының түрлі салаларында психологиялық ахуал көбінесе, психологиялық-әлеуметтік климат ретінде жиі кездеседі. Н.П. Аникеева психологиялық ахуалды «ұжымның эмоционалды–психологиялық күйі, ұжым мүшелерінің тұлғалық және іскерлік қарым–қатынастарының эмоционалды деңгейінен көрінетін, олардың құндылыққа бағыттылығы, адамгершілік нормалары мен қызығушылықтарымен анықталады» деп түсінеді.

Психологияда «климат» деген түсінік метриология мен географиядан келді. Қазір бұл түсінік адамдар арасындағы көрінбейтін, деликатты қарым-қатынастың психологиялық жағын көрсетеді. Психологиялық климат – бұл ұжымдағы психологиялық икемделу және осы ұжымды әлеуметтік-экономикалық пен психологиялық факторлардың әсер ету ерекшелігін қалыптастыру. Психологиялық климат – бұл топтағы тұлғаның жан-жақты дамуы мен психологиялық жағдайының ерекшеліктерінен және біріккен жемісті іс-әрекеттің жағымды немесе жағымсыз жақтарынан көрінеді. Жағымды психологиялық климаттың негізгі белгілері: топ мүшелерінің бір-біріне деген сенімділігі мен жоғары талаптылығы, тілектестік және іскерлік сын; ұжымға қатысты сұрақтарды талқылау барысында өз ойларын еркін айту, топта басшылар өз қоластында жұмыс істейтіндерге қысым көрсетпей, олар үшін маңызды шешімдерді қабылдау құқығы, ұжым мүшелерінің өз жұмыстары мен міндеттері жөнінде толық мәліметтенуі, ұжым мүшелерінің біреуінде фрустрациялық пен жоғары деңгейдегі эмоцияналды күй жағдайында өзара көмек көрсету, әр топ мүшелерінің жұмыс жағдайына жауапкершілігі.

Сондықтан, психологиялық климат жалпы алғанда топтың даму деңгейіне байланысты болады. Даму ұжымының арасында психологиялық климат пен біріккен нәтижелі іс-әрекет орнатылса, оның әр мүшесінің арасында жағымды байланыс болады. Ұжым оңтайлы басқару іс-әрекетінде психологиялық ахуалда басшылықтан арнайы білім мен іскерлікті талап етеді. Басшылық кадрларды арнайы сапалы ғылыми негізде таңдайды, оқытады және аралық аттестациядан өткізеді, ұжым мүшелерінде өзара түсінік пен арақатынас дағдысының пайда болуы әлеуметтік психологиялық әдістерді қолдану;

Психологиялық климат басқару стилі мен басқару мәдениетіне байланысты болып келеді. Көбіне психологиялық мәнін келесі психологиялық құбылыстарға әкеледі: ұжымның саналы күйі, адамның ерекше арақатынасының көрінісі, топтың эмоциялы психологиялық дайын болуы, топтың хал–жағдайы, топ мүшелерінің психологиялық бірлігі, топтағы, ұжымдағы және т.б. арақатынастар.

Мақсатты түрде психологиялық ахуалдың ішіндегі негізгі факторлары адамдар қарым-қатынасы мен біріккен іс-әрекет жағдайын атайды. Сонымен қатар психологиялық ахуал – бұл осы топ адамның жүйелік нормасы, дәстүрі және білімінің артықшылығы. Ахуал топ мүшесі мен ұжымның бір-біріне тәуелділігімен көрсетеді (әлеуметтік байланыс), сонымен қатар адамның бірлесе отырып, функциялар мен тапсырмаларды орындау

тәуелділігі көрінеді (тапсырма байланысы). Тұлғалық эквивалент икемділігі – жұмысшылардың профессионалды ұжымының әр түрлі өмірлік іс-әрекет факторларына қанағаттануы. Кейбір зерттеу нәтижелерінде қызметкердің психологиялық күйі мен еңбек уәдемесіне және қызметтік іс-әрекет тиімділігіне психологиялық ахуалдың әсер ететіндігі анықталады.

Әлеуметтік психологияда алғаш болып «психологиялық ахуал» терминін И.С. Мансуров қолданды, ол өндірістік ұжымды зерттеді. Оның ойынша, психологиялық ахуал – бұл ұжым мүшелерінің психологиялық арақатынас негізінде пайда болған жақындық, симпатия, мінездерінің, қызығушылығы, бейімділігінің бірдей болуының эмоциялық бояуы деп санайды. Ол адамдар арасындағы қарым–қатынас үш ахуалдық аспектіден тұрады деп санайды. Бірінші ахуал аймағы – бұл ұжымда қаншалықты қоғамдық мәселелер мен сапалы мақсаттарды және барлық конституциялық құқық пен жұмыскерлердің азамат ретіндегі міндетінің сақталуын анықтайтын әлеуметтік ахуал. Екінші ахуалдық аймақ – бұл ұжымдағы қандай моралдық құндылықтар ескерілуімен анықталатын моралдық ахуал. Үшінші ахуалдық аймақ – бұл психологиялық ахуал бір-бірімен тікелей қатынастағы жұмыскерлер арасындағы қалыптасқан бейресми қарым – қатынастар.

Ресей психологиясында психологиялық ахуалдың төрт негізгі теориялық аспектісін атап көрсетті. Бірінші теориялық аспект бойынша (Л.П. Буева, Е.С. Кузьмин, И.Н. Обозов, К.К. Платонов, А.К. Уледов) ахуал қоғамдық-психологиялық феномен ұжымдық сананың күйі ретінде қарастырады. Әлеуметтік-психологиялық ахуал тұрғысында шағын топтың әлеуметтік-психологиялық күйі, ұйым мүшелерінің шынайы психологиялық бағыттылығы мен мазмұны бейнелеуі деп санайды Е.С. Кузьмин. Екінші теориялық аспект бойынша (А.А. Русалинова, А.Н. Лутанкин) әлеуметтік–психологиялық ахуал сипатының мәні жалпы эмоционалды–психологиялық күйі болып табылады деп атап көрсетеді. Үшінші теориялық аспект бойынша (В.М. Шепель, В.А. Покровский, Д.Б. Парыгин) әлеуметтік–психологиялық ахуал бір-бірімен тікелей қатынастағы адамдардың арақатынасы стилі арқылы талқылайды. Қалыптастыру процесінде тұлға аралық қарым–қатынас, топтың әр мүшесінің әлеуметтік және психологиялық хал-жағдайы анықталады. Төртінші теориялық аспект бойынша (В.В. Косолапов, А.Н. Щербань, Л.Н. Коган) топ мүшелерінің әлеуметтік және психологиялық үйлесімділігі, олардың моралдық бірлігі, ынтымақтастығы, бір ойлылығы, салт-дәстүрі терминінде ахуалды анықтайды.

Психологиялық ахуалдың мәні ұжымда орнатылған өзара қатынастарының эмоционалды–психологиялық бояуға еніп, ұжым мүшелерінің құндылыққа бағдарлануы, адамгершілік нормаларымен және қызығушылықтарымен анықталады. Әр тұлғаның белсенділік деңгейін, сонымен қатар тұлғаға ұжымның әсер ету деңгейін және осы ұжымда тұлғаның қаншалықты эмоционалды сау екенділігімен анықталады. Ұжымның психологиялық ахуалы қарым–қатынас процесінде қалыптасып, көрінеді, осыған байланысты топтық қажеттіліктер пайда болады, сонымен

қатар тұлғааралық пен топтық қақтығыс туындайды және шешімін табады. Сонымен қатар адамдар арасында жасырын қарым-қатынастар пайда болады: жарысулар немесе құпия бәсекелестік, жолдастық топтасулар немесе сыбайластықтар, қатты қысым немесе саналы тәртіп. Топтағы жағымды психологиялық атмосфера келесі параметрлермен қалыптасасы:

- Бір-біріне деген гуманистік қатынас;
- Топқа қанағаттану сезімі;
- Эмоционалды қосылу–ұжымда болған жағдайға уайымдау;
- Тұрақты оң көңіл–күй;
- Шешім қабылдауда және өз ойын айтқанда тұлғаның белсенділігі мен еркі;
- Қорғалу кез келген адамға деген агрессияның мүлдем болмауы және көмек беруге дайындығы ретінде;
- Еңбекке қабілеттілік – топты жағымды мотивацияға және топтық мобильділікке белсендіру;
- Жігерлілік – топтың әр мүшесінің жеке белсенділігі мен еркін тұлғалық «Мен» көрсету.

Психологиялық ахуал ұжымдық өмірде негізгі екі функцияны атқарады:

1. Тұлғаның ұжымдағы көңіл-күйін анықтайды.
2. Бірлескен жұмыстың өнімділігін арттырады.

Психологиялық ахуал адамдардың өмірге қанағаттану деңгейі ретінде де сипаттауға болады. Ең алдымен адам өзін толыққанды сезіну – психологиялық ахуал белгісі ретінде де сипатталынуы мүмкін.

Әрине психологиялық ахуалды адамның эмоциялық көріністері арқылы да түсіндіруге болады. Яғни адамның эмоциялық күйінің шабытта, шаттықта сезінуі, позитивті көріністе болуы ретінде де қарастыруға болады. Және бұл күйге қарама-қарсы күй де психологиялық ахуалдың деңгейін білдіреді.

Психология ғылымындағы стеникалық және астеникалық сезімдерінің көрініс беруі – психологиялық ахуал сипаты ретінде де айқындалуы мүмкін.

Адамның белгілі бір құбылыстарға, ортаға, әрекетке бейімделушілік қасиеті психологиялық ахуалдың деңгейін қамтамасыз етуі мүмкін. Адамның алдында тұрған қиыншылықтары мен өзгерістері бейімделушілік қасиеті арқылы шешіледі.

Психологиялық ахуал адам өмірінің табыстылығын, өзара ішкі үйлесімділікті, әрекетке белсенділік пен интенсивті қамтамасыз етеді. Және оған қарама-қайшы құбылыс.

Ең алдымен адам өзінің ішкі әлеміндегі күйі оңтайлы, жағымды, үйлесімді болса, онда психологиялық ахуал туралы да айтуға болады. Адамның ішкі әлемінде қарама-қайшылықтардың, күрестің болмауы – психологиялық ахуалдың жағымды жағы деп көрсетуге болады. Ішкі үйлесімділік, ішкі қанағаттанушылық – өзіндік баға көрсеткішімен де байланысты болуы мүмкін. Қазіргі кездегі қоғамдағы интенсивті өзгерістер – адам бойындағы бірқатар күйлерді тудырып отыр. Белгісіздік, ақпараттың шексіздігі, уақыттың жетіспеушілігі, міндеттердің көбеюі – адамның ішкі

сезіміне әсер ететіні белгілі. Осыған байланысты адамдардың психологиялық ахуалы айқындала түседі. Ал психологиялық ахуалдың позитивті немесе негативті болуы адамның психологиялығына әсер ететіні белгілі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Платонов Ю.П. Психология конфликтного поведения. – СПб.: Речь-2009.
2. Ерняязов. О.Н. I курс студенттерінің оқу орнына алаптациясы және топ ішіндегі психологиялық хал-ахуал // Вестник казну №2 (2) 2014
3. Налчаджян А.А. Психология адаптация: механизмы и стратегий. 2-е Изд-воМ.: Эксмо, 2010.368 с.
4. Ядов В.А. Саморегуляция и прогнозирование социального прведения личности: Диспозиционная концепция. Монография – М.: ЦСПиМ, 2013- 376с.
5. Мананикова Е.Н. Социальная психология: учебное пособие/ Е.Н.Мананикова. – М.: Дашков и К, 2012.-254 с.

ӘОЖ 159.922

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕ ТӘРБИЕ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Бекболатұлы Нұрбол

«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 2-курс студенті

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, Ақтөбе, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: С.Н.Баймахан

Saul_bn@mail.ru

«Тәрбие әдісі-бұл жеке адамға тікелей және жанама түрде ықпал жасау».

И. С.Марьенко.

Тәрбие процесі соның ішінде тәрбие әдістері жалпы адамзаттың тіршілік, қоғамдық ұстаным және қарым-қатынастан туылған тәрбие әрекеттестік тәсілдерінің жиынтығы болып саналады. Тәрбие әдістерінің көмегімен адам қоғамдық ортаға сай, этикалық және этетикалық жағынан кеңінен тәжірибе алады. Тәрбие әдістері- бұл тәрбие көздеген мақсатқа жетудің жолдары, тәсілдері. Мектеп мұғалімінің тәрбие жұмысы сапасының болуы тәрбие әдістерін, жұмысты ұйымдастыру формаларына тандай білуіне тығыз байланысты. Сондықтан тәрбие әдісі ұғымына жеке тоқталып, бүгінгі педагогика ғылымында «Тәрбие әдісі» ұғымына берілген анықтамалар көптеп саналады. Ғалым Т.Е. Конникованың анықтамасы бойынша – бұл педагогикалық жұмыстың тәсілдері мен жолдары арқылы тәрбие мақсатына жету. Ғалымдардың берген анықтамасында тәрбиешінің тәрбиелеу құралы тұрғысынан берілген. В.А. Слостенин «Тәрбие әдісі тәрбиешілері мен тәрбиеленушілердің іс әрекетінің өзара байланыс тәсілдері» десе,